

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	КҚД	Қаржы операциялары
Мәртебесі: жоба	К 07 08 АЖ	6-дан 1 бет

**«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы
акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесі**

1. Жалпы ережелер

Осы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы акцияларды қайта сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесі (бұдан әрі – **Әдістеме**) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңына (бұдан әрі – **Заңдар**), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жарғысына (бұдан әрі – **Жарғы**) сәйкес әзірленді және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі – **Қоғам**) акцияларды қайта сатып алу кезінде олардың сатып алу шарттарын, тәртібін және акциялардың құнын анықтау әдістемесін белгілейді.

1. Осы Әдістеменің әрекеті Қоғам ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында орналастырылған акцияларды сатып алуы жағдайларына таралады:

- 1) Қоғамның бастамасы бойынша;
- 2) Акционердің талабы бойынша.

2. Қоғамның акционерлері осы Әдістемемен, оған кейінгі өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қоса, Қоғамның корпоративтік интернет ресурсында осы Әдістеме бекітілген күннен бастап танысуға құқылы.

3. Егер Заңнамада және (немесе) Қоғамның Жарғысында басқасы көзделмесе және акционер мен Қоғам арасында мәміле жасасу арқылы жүзеге асырылып жатса, Қоғам Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуды Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізеді.

Рев №	Беттер өзгертілді	Әзірледі	Мақұлданды	Мақұлданды	Бекітілді
0.		КҚД директоры Жүнісова Ә.С. _____	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2019ж. «__» _____ № _____ шешімімен	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2019ж. «__» _____ № _____ шешімімен	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының 2019ж. «__» _____ № _____ шешімімен
1.					

Ревизия 0	2019ж. «___» _____	К 07 08 АЖ	6-дан 2 бет
-----------	--------------------	------------	-------------

4. Негізгі активі акциялар болып табылатын Қоғамның депозитарлық қолхаттары осы Әдістемеді қарастырылған жағдайларда, олар акцияларға айырбасталғаннан кейін ғана сатып алуға жатады.

5. Қоғам сатып алған акциялар Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының қворумын анықтау кезінде ескерілмейді және дауыс беруде қатыспайды. Қоғам сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді

6. Орналастырылған акцияларды сатып алу бағасын есептеу Қоғамның Директорлар кеңесі сатып алу туралы шешім қабылдаған күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін АҚШ долларына шаққандағы теңгенің ресми бағамы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі.

Қоғамның акцияларын сатып алу құнын айқындаудың нәтижесі осы Әдістеменің 4-бөліміне сәйкес анықталған оның сатып алу құны болып табылады.

Егер акционердің банктік деректемелері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасынан басқа валютада көрсетілсе, сатып алу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген акционердің банктік шотындағы валютаға теңгенің ресми бағамы бойынша айырбасталған, Директорлар кеңесінің шешімімен анықталған баға бойынша акцияларды сатып алу жүргізіледі.

7. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алу туралы хабарламаны Қазақстан Республикасының заңнамасы мен сауда-саттықты ұйымдастырушының реттеушісінің талаптарына сәйкес жариялауға міндетті.

8. Осы Әдістемемен реттелмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

2. Терминдер мен анықтамалар

9. Осы Әдістемеді қолданылатын терминдер келесі ұғымдар мен анықтамаларға ие:

1) акционер – Қоғам акциясының меншік иесі болып табылатын тұлға;
 2) акция - Қоғам шығаратын және Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

3) депозитарийлік қолхат – осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын, Қоғамның жай акцияларының белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз;

4) ҚЕХС – қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары;

5) орналастырылған акциялар - Қоғамның бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлар құнын төлеген акциялары;

6) Қоғам – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ;

7) бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногы – эмиссиялық бағалы қағаздардың және өзге қаржы құралдарының айналым өрісі, онда бағалы қағаздармен мәміле жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, Қоғам оған қолжетімділікті бастамашысы болып табылады;

8) бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногы – бағалы қағаздардың және өзге қаржы құралдарының айналым өрісі, онда бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен, оның ішінде шетел валютасымен және туынды қаржы құралдарымен мәміле жасау сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарды сақтамай жүзеге асырылады;

9) сауда-саттықты ұйымдастырушы – онда Қоғамның бастамасымен Қоғам акцияларының листингі жүзеге асырылатын қор биржасы;

10) Қоғам акцияларының листингі – Қоғамның бастамасымен қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына және (немесе) секторына енгізу, соларда болу және енгізу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген;

Ревизия 0	2019ж. «___» _____	К 07 08 АЖ	6-дан 2 бет
-----------	--------------------	------------	-------------

11) Қоғам акцияларының делистингі – бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау;

12) тәуелсіз бағалаушы - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыруға анықталған, құқығы, тиісті лицензиясы бар тұлға.

13) Оқиға күні – осы Әдістеменің 17-тармағына сәйкес анықталған, оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы акционердің талап қоюы үшін негіз болатын оқиға күні;

14) сатып алу құны – Қоғамның өз акцияларын сатып алу үшін Қоғам төлеген сома.

3. Акцияларды сатып алу кезіндегі шарттар, негіздер мен шектеулер

Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу

10. Орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғамның бастамасы бойынша акционердің жазбаша келісімімен оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсаттарда жүргізіледі.

11. Қоғам өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқылы емес:

1) Қоғам акционерлерінің бірінші Жалпы жиналысын өткізгенге дейін;

2) Қоғамның құрылтайшылары арасында акцияларды орналастыру нәтижелері туралы алғашқы есеп бекітілгенге дейін;

3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның меншікті капиталының мөлшері Заңда белгіленген ең төменгі жарғылық капитал мөлшерінен аз болса;

4) егер акцияларды сатып алу сәтінде Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе сатып алуға талап етілетін немесе ұсынылатын барлық акцияларды сатып алу нәтижесінде онда көрсетілген белгілер пайда болса;

5) егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса.

12. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған Қоғам акцияларының саны олардың жалпы санының 1% (бір) пайызынан асатын болса, Қоғам мұндай сатып алуды өз акционерлеріне Қоғамның акцияларын сатып алу-сату туралы мәміле (мәмілелер) жасасқанға дейін хабарлайды.

13. Директорлар кеңесінің Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешімінде мынадай мәліметтер қамтылуы керек:

1) Қоғамның сатып алынатын акцияларының түрі;

2) Қоғамның сатып алынатын акцияларының саны;

3) Қоғамның акцияларын сатып алу бағасы;

4) Қоғамның акцияларын сатып алу мерзімдері;

5) Қоғамның акцияларын сатып алу шарттары.

14. Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы хабарландыру:

1) қазақ және орыс тілдерінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында, сондай-ақ Қоғамның құнды қағаздары айналысатын қор биржасының қағидаларында, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарында көзделген өзге де алаңдарда және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады;

2) осы бөлімнің 13-тармағында көрсетілген мәліметті қамтуы керек.

15. Қоғамның сатып алған және сатып алып жатқан орналастырылған акцияларының жалпы саны Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы санының 25% (жиырма бес) аспауға тиіс, және Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға жұмсалған шығындары Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша оның меншікті капитал мөлшерінен 10% (он) аспауға тиіс. Меншікті капиталдың мөлшері ҚЕХС-ке сәйкес дайындалған еншілес компанияларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның жеке қаржылық есептілігінің акцияларын сатып алу туралы соңғы күні қабылданған шешім негізінде анықталады.

16. Егер оның акционерлері сатып алуға жариялаған Қоғамның орналастырылған акцияларының саны сатып алу күнінде Қоғам сатып алуға жариялаған акциялар санынан асып кетсе, бұл акциялар акционерлерден олар иелік ететін сатып алуға мәлімделген акциялар санына пропорционалды түрде сатып алынады.

Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу

17. Орналастырылған акцияларды сатып алуды акционердің талабы бойынша Қоғам жүзеге асыруға тиіс, ол оған мынадай жағдайларда ұсынылуы мүмкін:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында Қоғамды қайта құру туралы шешім қабылдау жағдайында (егер акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысса, онда Қоғамды қайта құру туралы мәселе қаралса, және оған қарсы дауыс берсе);

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдау жағдайында (егер акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысса және осы шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушысы Қоғам акцияларын делистингілеу туралы шешімді қабылдау жағдайында;

4) Заңнамада және (немесе) Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысында немесе Директорлар кеңесімен қабылдаған, жасалуында Қоғамның мүдделілігі бар ірі мәміле жасасу туралы шешіммен және (немесе) мәмілені жасасу туралы шешіммен келіспеу жағдайында;

5) акционерлердің жалпы жиналысында осы акционерге тиесілі акцияларға құқықтарды шектейтін Қоғамның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдау жағдайында (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысса және аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе).

18. Осы Әдістеменің 17-тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап, немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғамның акцияларын делистингілеу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде акционер Қоғамға жазбаша өтініш жолдау арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы талапты Қоғамға ұсынуға құқылы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады..

Аталған өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қоғам акцияларды акционерден сатып алуға міндетті.

19. Акционердің оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші жазбаша түрде жасалуы, анық және біркелкі сатып алу туралы талапты қамтуы, акционер сатуға ұсынған акциялардың саны мен түрін, мәміленің басқа маңызды талаптарын (болған жағдайда), сондай-ақ акционердің мекенжайын, банктік деректемелерін, байланыс деректерін, қажет болған жағдайда басқа мәліметтерді қамтуы керек.

20. Осы Әдістеменің 17-тармағында көрсетілген негіздемелер болмаған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және Қоғамға орналастырған акцияларды онымен сатып алуды жүзеге асыруға тыйым салатын басқа жағдайларда, акционерге бас тартудың себептерін көрсете отырып, акцияларды сатып алудан бас тарту туралы тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Қоғам акционерге акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы.

21. Қоғамның сатып алған және сатып алып жатқан орналастырылған акцияларының жалпы саны орналастырылған акцияларының жалпы санының 25% (жиырма бес) аспауға тиіс, ал Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға жұмсалған шығындары Қоғамның меншікті капитал мөлшерінен 10% (он) аспауға тиіс, ол төменде көрсетілген күнгі жағдай бойынша ҚЕХС-ке сәйкес жасалған, еншілес компанияларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның жеке қаржылық есептілігінің акцияларын сатып алу туралы соңғы күні қабылданған шешім негізінде анықталады:

Ревизия 0	2019ж. «___» _____	К 07 08 АЖ	6-дан 2 бет
-----------	--------------------	------------	-------------

1) Акционерлердің жалпы жиналысында осы Әдістеменің 17-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көрсетілген шешімдердің қабылдануы;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының Қоғам акцияларын делистингілеу туралы шешім қабылдауы;

3) жасалуында Қоғамның мүдделігі бар ірі мәмілені және (немесе) мәмілені жасасу туралы Директорлар кеңесі немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешім қабылдауы.

22. Егер оның акционерлері сатып алуға жариялаған Қоғамның орналастырылған акцияларының саны сатып алу күнінде Қоғам сатып алуы мүмкін акциялар санынан асып кетсе, бұл акциялар акционерлерден олар иелік ететін сатып алуға мәлімделген акциялар санына пропорционалды түрде сатып алынады.

4. Оларды сатып алу кезінде Қоғам акцияларының құнын анықтау

Қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу

23. Қоғамның бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу төмендегі тәсілдердің бірімен анықталған баға бойынша жүргізіледі:

1) осы Әдістеменің 24-тармағына сәйкес анықталған Қоғамның Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша тиісті акциялар түрінің нарықтық бағасы бойынша;

2) Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдағанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес күнге тәуелсіз бағалаушы анықтаған баға бойынша;

3) акциялардың нарықтық құнын, Қоғамның меншікті капиталының мөлшерін ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген басқа баға бойынша, ол Қоғамның бизнес-жоспарларына және басқа факторларға сәйкес оның өзгеру факторларына, ҚЕХС-ке сәйкес жасалған, еншілес компанияларды қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғамның жеке қаржылық есептілігінің акцияларын сатып алу туралы соңғы күні қабылданған шешім негізінде анықталады.

24. Нарықтық баға деп Қоғамның акциялары саудаланатын *Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарының ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан акцияның бағасы танылады. *Қазақстан Республикасының бағалы қағаздарының ұйымдастырылған нарығында акциялармен мәмілелер болмаған жағдайда, нарықтық баға деп ұйымдастырылған бағалы қағаздардың шетелдік нарықтарында қалыптасқан акциялардың бағасы танылуы мүмкін.

Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу:

25. Акционердің талабы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғамның акциялары саудаланатын, *Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан, орташа өлшемді бағаның 10% (он) пайыз мөлшеріндегі шегерімдерді шегеріп тастап, орташа өлшемді баға бойынша. *Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында акциялармен мәмілелер болмаған жағдайда, орналастырылған акцияларды сатып алу Қоғамның акциялары саудаланатын, ұйымдастырылған бағалы қағаздардың шетелдік нарығында қалыптасқан, орташа өлшемді бағаның 10% (он) пайыз мөлшеріндегі шегерімдерді шегеріп тастап, орташа өлшемді баға бойынша жүргізілуі мүмкін.

1) орташа өлшемді бағаның есебі оқиға болатын күннің алдындағы соңғы 30 (күнтізбелік) күннің ішінде жасалған мәмілелер туралы деректер негізінде анықталады.

Орташа өлшемді баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$C = V / A, \text{ мұндағы:}$$

* «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағын қоса

Ревизия 0	2019ж. «___» _____	К 07 08 АЖ	6-дан 2 бет
-----------	--------------------	------------	-------------

С – акцияның орташа өлшемді бағасы;

V – осы акциялар бойынша ақшалай түрдегі мәмілелер көлемі (Қоғамның акциялары саудаланатын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы акциялармен, соңғы 30 (күнтізбелік) күнде жасалған барлық мәмілелер бойынша тиісті көрсеткіштерді жинақтау арқылы есептеледі);

А – мәмілелердегі акциялар саны (акциялар саудаланатын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығындағы акциялардың тиісті кезеңдегі барлық мәмілелері бойынша тиісті көрсеткіштерді жинақтау арқылы есептеледі).

26. Әдістеменің 17-тармағына сәйкес Қоғам акционерінің талабы бойынша акцияларды сатып алу тізбесі Әдістеменің 17-тармағына сәйкес анықталған, осы себепті акцияларды сатып алу жүргізілетін, уәкілетті органның сол шешімінің негізінде сатып алу туралы талапты берген, Қоғамның барлық акционерлері үшін бір баға бойынша жүзеге асырылады.